

Р.С.Мусина, М.Ә.Мәретбаева

Қарағанды «Болашақ» университеті

Көркем мәтін және баяндау формалары

Мақалада көркем мәтіннің коммуникативтік, тілдік және көркемдік ерекшеліктері негізге алына отырып, баяндау формаларының тұтас мәтін жүйесіндегі орны мен қызметі, тілдік-құрылымдық сипаты басшылыққа алынған. Жалпы мәтіннің құрылу ерекшеліктері, қарым-қатынастың ұйымдастырылу жолдары, мәтін төңірегіндегі мәселелер қарастырылады. Мәтіннің жан-жақты зерттелуі, қолданылу аясы сөз етіледі. Мәтін тіл білімінің ең басты бөлігі ретінде көрініс табады. Мәтін — қарым-қатынастың, тіл табиғатының маңыздылығын танытатын біртұтас құрылым.

Кілтті сөздер: коммуникативтік ерекшеліктер, тілдік ерекшеліктер, көркемдік ерекшеліктер, зерттеу формасы, тіл білімі, тіл табиғаты, тілдік сипаттама.

Жалпы мәтін — адамзаттың тілдік қарым-қатынасындағы алғышарттар мен оның ұйымдастырылу ұстанымдары туралы ғылым. Мәселе төңірегіндегі қарқынды да жемісті ізденістер дәстүрлі тілдік лингвистикадағы стилистика, соның ішінде көркем әдебиет, ғылыми стильдер саласында жүйелі сипат алып келеді. Мұны сан алуан көзқарастар мен ұстанымдарды, қағидалар мен тұжырымдамаларды тірек ететін ғалым-мамандардың тақырып төңірегіндегі өзекті мәселелерге арналған ғылыми еңбектерінен, монографиялар мен ғылыми-танымдық мақалалардан, оқу құралдарының жарық көруімен, сондай-ақ мәселенің даму бағдарына арналған конференциялар мен симпозиумдардың өткізіліп жатқанынан бағалауға болады. Тіл зерттеушілерінің мәтін мәселесіне деген бетбұрысы олардың жалпы тілдік сана мәселесіне деген ықыласын аңдатады. Мұның астарында тілдік тұлға мен адамзаттың әлемдік образын ашу, тану ниеті жатқаны жасырын емес. Себебі әрбір мәтінде тілдік жүйеден хабары бар тілдік тұлғаның әрекеті орын алады.

Мәтін табиғатына деген қызығушылықтың кездейсоқтық еместігін дәлелдейтін факторлар баршылық: тілдің, қазіргі тіл біліміндегі көзқарастар тұрғысынан қарағанда, өте ауқымды да салмақты құбылыс екенін, коммуникацияның құрамдас бөлігі болып табылатынын түсіндіруге деген талпыныс, мәтін арқылы жүзеге асырылатын адамзат іс-әрекетінің түрлі жақтарымен тілдің өзара байланысын зерттеп тануға деген қадам, сонымен қатар мәтін арқылы жанды әрі сан қырлы болып келетін тіл болмысын ашуға, оның заңдылықтарын меңгеруге деген талап-ниет арқылы уәжделеді. Сондықтан тілдік зерттеу пәні ретінде оның басты әрекетінің бірі — мәтінді ұйымдастыру қызметіне тоқталудың өзектілігі орасан.

Мәтін — өте күрделі қайшылықтарға толы тұтасқан құрылым. Осы тұтастықтың ұйымдасуына негіз болатын оның композициялық-құрылымдық формалары. Композициялық құрылымдық формалар — мәтіннің негізгі құраушы компоненттері. Мәтінде баяндалатын мәселе, көрініс, түрлі мағлұматтар осы формалардың өзара құрылымдық-мағыналық байланысуының нәтижесінде бейнеленеді. Бұл көбінесе көркем әдебиет мәтіндеріне тікелей қатысты.

Көтеріліп отырған өзекті мәселе туралы көрнекті ғалым М.М.Бахтиннің «Текст есть как первичная данность гуманитарно-философского мышления и является той непосредственной действительностью, из которой только и могут исходить эти дисциплины» [1] деген пікірі бүгінде мәтін лингвистикасы аталып отырған жаңа ізденіс бағытына жол ашатын бағдарлама бола алды. Бұл пікірді неміс ғалымы З.И.Шмидт те қолдай отырып, мәтіннің ең алғашқы құрылымдық тұтасқан, базалық категория екендігін айтады. Қазіргі кездегі зерттеушілердің еңбектерінен де мәтіннің альфа мен омега екендігін баяндайтын тұжырымдамаларды келтіруге болады [2]. Олардың пікірінше, тілдің ең басты бірлігі сөз немесе сөйлем емес — мәтін болып табылады. Тек мәтіннің өзі ғана жанрға тәуелсіз, дербес тілдік тұтастық құрайды.

Мәтін теориясы саласында елеулі еңбек етіп келе жатқан неміс лингвисті П.Хартманнның пікірлері де қазіргі қазақ ғалымдарының мәтін туралы тұжырымдарына негіз болып жүр. «Қазіргі кезде мәтінді зерттеуге бағытталған лингвистика қалыптасып үлгерді, бұл лингвистикалық сала тілдік зерттеулер ішіндегі аса үлкен екпінмен дамып, ғылымға айта қаларлықтай жаңалықтар әкеліп жатқан ғылыми майдан. Ол лингвистика мәселелерінің диапазондық аумағын кеңейте отырып, барлық лингвистикалық идеялардың — өткен, бүгінгі және алдағы ой-пікірлердің басын қосады. Тіл

білімінің бұл саласы болашақ лингвистикалық ізденістерге бағдар бола алады» деген пайымдаулары бүгінгі тіл білімінің даму бағыт-бағдарын дәл сипаттайды [3; 208].

Жалпы тіл білімінде тіл теориясының жалпы мазмұндық аспектісі әр түрлі бағытта қарастырылады. Мәселен, Л.В.Щерба [4], В.М.Жирмунский [5], Б.А.Ларин [6], С.Д.Кацнельсон [7] еңбектерінде тіл шынайы практикалық сана ретінде қарастырылады, тілдің санамен, мәдениетпен, психологиялық әрекетпен байланысы сөз болды. Сол кездің өзінде аталған ғалымдар «мәтін» ұғымы туралы нақты тұжырымдамалар жасамағанмен, мәселенің алғышарттарын ашып үлгерді. Мұны Л.В.Щерба негіздемесіндегі үш жақты жүйенің тілдік материал ұғымына сүйенетін дискриптивистердің пікірлерінен байқауға болады.

Мәтін лингвистикасы өз кезегінде бірқатар тілдік пәндермен байланысып, өзара сабақтасып жатады. Соның ішіндегі ғылымда жиі айтылып, әдістанымдық, теориялық тұрғыдан жүйелік сипат алып келе жатқаны — мәтін лингвистикасы мен лингвостилистика. Лингвостилистика саласының объектісі, зерттеу пәні — мәтін типтерін айқындау, оларға сипаттама беру болып табылады. Функционалдық лингвистиканың лингвостилистикадағы ең маңызды тараулардың бірі екені белгілі. Екінші жағынан, мәтіндердің типін анықтау, мәтін деңгейіндегі типологиялық құрылымды жүйелеу мәтін лингвистикасының жетекші бөлімі болып табылады. Сондықтан мәтін лингвистикасы мен лингвостилистиканың зерттеу обсерваториясы әрдайым бір арнаға келіп, тоғысып жатады.

Лингвостилистиканың маңызды міндеттерінің бірі ретінде тілдің экспрессивтік құрамдарының зерттелуін атауға болады, яғни әр түрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің экспрессивтік-эмоционалдық әлеуетін қарастыру және оның сөйлеу әрекеті кезіндегі жүзеге асырылуын қарастырылуы. Бұл стилистикалық парадигматика мен синтагматиканың өзара әсерін көрсетеді. Отандық тіл білімінде стилистика мен мәтін лингвистикасының өзара байланысы изоляцияланбаған тілдік бірліктерді зерттеуге деген жалпы талпынысқа мүмкіндік бергені байқалады [8].

Белгілі неміс ғалымы Э.Косернудің пайымдауына сүйенсек, мәтін лингвистикасы лингвистикалық ой-санадағы, құрылымдық-функционалдық және генеративтік-трансформациялық лингвистикамен қатар тұратын негізгі үш бағыттың бірі болып саналады [9]. Ол жеке дербес тіл білімінің саласы ретінде жаңа ғана қанат жайып келе жатқанына қарамастан, тілдік мәселелерінің ауқымдылығы жағынан жоғарыда аталған ғылым салаларымен иық тірестіре алады.

Қазіргі таңда мәтін лингвистикасының даму бағыты ретінде қалыптасып келе жатқан бірнеше ағымды атауға болады.

1. Негізгі қасиеттері тұтастық пен тығыз байланыстылық болып табылатын, ең жоғары жүйе ретіндегі мәтіндік зерттеулер.

2. Мәтін типологиясын коммуникативтік көрсеткіштері және соларға қатысты лингвистикалық белгі-қасиеттерімен бірге құрастыру.

3. Мәтінді құрайтын бірліктерді қарастыру.

4. Ерекше мәтіндік категорияларды анықтау.

5. Мәтін әсерінен болатын тілдік бірліктердің сапалық дәрежелерінің жүзеге асырылуының әр түрлі деңгейлерін айқындау.

6. Фразааралық байланыстар мен қарым-қатынастарды зерттеу.

Мәтін лингвистикасындағы өзге салалар туралы Қ.С.Қашқынбаева неміс лингвисті П.Хартманның мынадай жіктемесі барын алға тартады:

1) жалпы мәтін лингвистикасы;

2) нақты мәтін лингвистикасы;

3) мәтін типологияларының лингвистикасы [3].

Мәтін лингвистикасы мәтіннің түрлі аспектілеріне кешенді талдау жүргізеді. З.Я.Тураева оның қазір де белгілі болған мынадай түрлерін көрсетеді:

1) онтологиялық аспект — мәтіннің өмір сүру формасы, оның мәртебесі, статусы, ауызекі сөйлеу тәсілінен айырмашылығы;

2) гносеологиялық аспект — мәтіндегі объективті шындықтың көріну сипаты, көркем мәтін жағдайында — эстетикалық шындықтың нақты әлемдегі көрінісінің сипаты;

3) жеке лингвистикалық сипат — мәтінді тілдік рәсімдеу сипаты;

4) психологиялық аспект — қабылдау сипаты;

5) прагматикалық аспект — мәтін авторының объективтік шындыққа және мазмұндық материалға деген қарым-қатынасының сипаты.

Әрбір аспектіні жеке-жеке қарастыра отырып, төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1. Мәтінді жоғарғы дәрежелік деңгей ретінде зерттеп тану — мәтіннің сөйлемдегі қарапайым құрылымнан ерекшеленетін, күрделі тұтасқан құрылымдық-семантикалық бірлік екенін көрсетеді. Коммуникативтік тұтастықпен жымдасатын бұл бірлік мағыналық, грамматикалық жақтан аяқталған тұтас ой, логикалық, грамматикалық және семантикалық байланысқа түскен бір бүтін ретінде қабылданады. Мәтіннің ауқымды құрылымдық базасын құрайтын сыртқы және ішкі құрылымдық қарым-қатынастарды бақылау — зерттеудегі ең жемісті бағыттардың бірі болмақ.

2. Мәтін типологиясын құрастыру объектінің өзіндегі қайшылықтар мен үздіксіз байқалып жататын вариативтік секілді едәуір қиыншылықтар мен кедергілердің бары екенін алға тартады. Дегенмен, аталған бағытта айта аларлықтай жемісті еңбектер де жоқ емес. Тіл білімінде бүгінгі күнге дейін ертегілер, балладалар, лирикалық өлеңдер мен мифтер, детективтер, қысқа газет мақалалары мәтіндерінің коммуникативтік, құрылымдық, семантикалық ерекшеліктерінің сипаттамасы жасалған.

Бір ғана функционалдық стильге жататын мәтіндердің типіне сипаттама жасаумен қатар, мәтін типологиясын жүйелеудің басқа да өлшемдері бар екені байқалады. Мәселен, Г.В.Ейгер, В.Л.Юхт мәтін типологиясына деген екі түрлі жолды нұсқайды:

1) біріншісі мәтіндегі өзара үйлесімділіктің типіне сипаттама жасауға, сондай-ақ мәтіннің коммуникативтік ұстанымдары мен құрылымдық семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған мәтін элементтерінің өзара байланысына негізделеді;

2) екіншісі структурализмнің негізін қалаушы Р.Л.Якобсон ұсынған сөйлеу актісі үлгісінің аясында құрылуға негізделеді.

Осылайша, ақпаратты жіберушінің, таратушының бағыттауына қарай мәтіннің жекелік немесе ұжымдық сипатын айқындауға болады. Жеке мәтіндерге көбінесе көркем шығармалардың мәтіндері жатады. Ал ұжымдық мәтіндердің қатарына ғылыми проза, ресми іскери сөйлеу мәтіндері кіргізіледі.

Мәтін түрлерін зерттеуде әсіресе көркем мәтінді зерттеуге ерекше назар аударылып келеді. Көркем мәтін өзінің сан алуан, көп қырлы қасиетіне қарай әдебиет пен лингвистиканың зерттеу аумағынан кең түрде қарастырылады. Мәтіннің түзілуі — бұл күрделі психологиялық, физиологиялық үдеріс. Мәтінді түсіну де, қабылдау да оқырманнан белгілі бір біліктіліктерді талап ететін шығармашылық үдеріс. Оқырманның мәтінді түсіне отырып қабылдауы әр түрлі танымдық деңгейде жүзеге асады. Көркем мәтінді әрі ғылыми, әрі көркем нысанға айналдыруға болады. Көркем мәтінді ғылыми тұрғыдан қабылдағанда оқырман шынайы шығармашылық процесті зерттеп, мәтінтанушы «автордың ерік-танымына» бағынбай, ондағы берілген мазмұн мен ойды, мәнді нәрсені мәтіннен аршып алуға тырысады. Ал көркем мәтін ретінде қабылдауда оқырманның авторға деген сенімі жоғары болады да, ол автордың қалауымен жүріп, автордың қиялы мен көркемдік әлеміне еріксіз еріп отырады. Көркем мәтінді ғылыми әрі көркем құбылыс ретінде қабылдау оның мазмұн межесі (мағынасы) мен тұрпат (формасы) межесінің айрықша болуына, оның қызметіне (эстетикалық), ең бастысы — мәтінтүзуші автор және оны қабылдаушы оқырман, оны талдаушы мәтінтанушы тұрғысынан келгендегі көркем мәтіннің көпқырлы ерекшелігіне байланысты болып табылады. Көркем мәтіннің осындай күрделі құбылыс ретіндегі сан алуан қасиет-сапасын тану тек қана тіл туралы білімдермен шектелмейтіні анық.

Композициялық сөйлеу формалары (КСФ) мәтін құраушы бөлшектер болып табылады.

Әңгімелеу, суреттеу, ойталқы нақты шығармада бірнеше сөйлемнен құрылған тұтас мәтіннің үзінділерін құрайды. Әдетте ол әдеби үдеріс нәтижесінде туындайтын категориялар деп аталып, мәтін композициясын құрайтын бірліктерге сәйкес келетін мәтін үзінділері ретінде қарастырылып жүр. Осы себептен де оларды композициялық-сөйлеу формалары деп атау қалыптасқан. Қазіргі мәтін лингвистикасында оларды өзіндік тілдік ерекшелігі, сипаты бар коммуникативтік-сөйлеу әрекетінің көрсеткіші деп қарастыру қалыптасып келеді. Яғни мәтіннің тілдік таңбалық ерекшелігінен гөрі, олардың коммуникативтік ұйымдасқан идеялық-мазмұндық ерекшелігін тану мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Тіл үшін мәтін ақиқат өмірдегі құбылыстардың, білімдердің таңбалық сипаты маңызды болса, сөйлеу үшін мәтін — бұл ойды жеткізудің құралы, ойлау әрекетінің де нәтижесі болып табылатындығы ерекше мәнге ие. Осы тұрғыдан келгенде, КСФ-на тән мынадай белгілерді атап көрсетуге болады:

1. Ол айрықша мағыналық категория болып табылады.

2. Ол идеалдық мағынаға ие және ол материалды таңбалардан тыс өмір сүре алмайды. Мәтіннің материалды таңбалық сипаты оның сыртқы қабығы болып саналады.

3. КСФ бұл тілдің емес, ойлаудың логикалық формасы. Бұл қандай да бір берілген мазмұнның, шындық өмір туралы берілген ақпараттың формасы, ал оны біз тілдік таңбалар арқылы тани аламыз.

4. КСФ қалыптасқан типтік формалық сипатқа ие. Нақты сөйлеуден тыс барлығына бірдей, жалпыланған, тілдік тұрғыдан сұрыпталған жүйе, сөйлеу композициясының біртектес қалыптасқан формасы болып табылады. Күнделікті сөйлеу барысындағы сөздеріміз осындай КСФ-тардың идеялық формаларының нақты көрінісі болып есептеледі.


5. А.Леонтьевтің пікірінше, композициялық-сөйлеу формалары сөйлеудің аяқталған бірлігі болып табылады.

Осы белгілердің өзінен-ақ КСФ-ның лингвистикалық, логикалық, психолінгвистикалық ерекшеліктерге ие күрделі құбылыс ретінде екенін көреміз.

КСФ ойлау үдерісінің құрылымын, типін және ойлау бөлшектерін өзара және бір-бірімен байланыстырудың тәсілдері мен жолдарын бейнелейтін форма болып табылады. Ойлауды құрайтын маңызды бөлшектерге **уақыт пен кеңістік** және **себеп-салдар** жатады (1-сур.).

Материяның формасы және оның жасалуы әр түрлі болғаны сияқты оның ұйымдасуының да түрлі жолдары бар. Алайда оларды екі құрылымға бөліп қарастыру қалыптасқан: уақыт құрылымы және кеңістік құрылымы, экстенсивті және интенсивті құрылымдар. Экстенсивті құрылым кеңістікте өмір сүрсе, интенсивті құрылым уақытқа байланысты өмір сүреді. Экстенсивті құрылымға бірыңғай заттарды байланыстырудың қалыптасқан түрлері тән болса, интенсивті құрылымға себеп-салдарлық сипат тән. Осыған сүйене келіп, құрылымдық байланыстың екі түрін ажыратуға болады: «әңгімелеу» (интенсивті құрылым) және «суреттеу» (экстенсивті құрылым).

Сыртқы өмір уақыт пен кеңістік шеңберінде жүзеге асып қана қоймайды. Сыртқы өмірдің сыртқы бейнелері суреттеуде немесе әңгімелеуде нақты тілдік көрініс алады. Бұл екі КСФ-тан басқа «ойталқы» деген түрі бар. Егер де оқиғаның, іс-әрекеттің уақыт ішіндегі өрбуі тұрғысынан интенсивті құрылымды шартты түрде әңгімелеуге тән құрылым десек, ойталқыға логикалық құрылым тән болып келеді.



1-сурет. Мәтін құрылымын құраушы бөліктер

Кеңістік қатарлас нәрселердің орналасу тәртібін көрсетсе, уақыт қатарлас нәрселердің бірін-бірі ауыстыруын, себеп-салдар бірінің екіншісінің пайда болуына әкелетін құбылыстардың байланысын көрсетеді.

КСФ-ның бұл типтік түрлерінің модификациясы әрқалай. Құрылымы жағынан олар «классикалық» үлгіде немесе күрделі, аралас, өзгермелі құрылымды болып келуі мүмкін. Алайда мәтіннің қандай да бір модификациясы (қалып алуына, формалануына) сөйлеушінің субъективтік ұстанымына тығыз байланысты болады.

КСФ формалануына мыналар ықпал етеді:

- 1) шығармадағы уақыт межесі, яғни шығармада айтылып отырған объективті уақыт (фабулалық уақыт) пен субъективті уақыт (баяндау уақыты) үйлесімділігі;
- 2) шығармадағы оқиға, деректерді сипаттаудағы кеңістік үйлесімділігі.

Шығармадағы уақыт пен ақиқат уақыттың арасында уақыт жағынан бірдей немесе алшақ қатынас орнауы мүмкін.

Ақиқат уақыт пен көркем уақыттың үйлесімділігі шығарманың көркем уақыт пен кеңістіктегі үйлесімділігін жасайды.

Мәтінді құрамдас бөліктерге ажырату мәтіннің мүшелену категориясымен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Оқырманның хабарды жеңілрек түсінуі, автордың бөлшектер арасындағы мезгілдік, логикалық, кеңістіктік байланыстарды бағдарлап отыруы сияқты мәселелер осы категорияның басты сипаттарына жатады.

Сонымен, мәтіннің композициялық-сөйлеу формалары — табиғатынан екі жақты құрылым. Ол — ойлаудың бір түрі, яғни сөйлеу әрекетін жүзеге асырады, әрі сөйлеу әрекетінің бір түрі, яғни қатысым түріне жатады.

Композициялық-сөйлеу формаларының әрқайсысы тұтас шығарманың көркемдігін жасауға қатысатыны анық, алайда осылардың қайсысы қаншалықты және қалай автордың көркемдік дара стилін жасауға үлес қосатындығы зерттеуді әлі де қажет ететін үлкен маңызды мәселе болып табылады.


Әңгімелеу мәтіндері синтаксистік құрылымы жағынан басқа мәтін түрлеріне ұқсамайды. Оның лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігі әр автордың сөз баяндаудағы стиліне өзінше ренк береді.

Көркем шығарма негізінен көркемдікті суреттеуге құрылатындықтан, онда суреттеу мәтіндері басым болып жататындығы заңды құбылыс. Тіпті қазақ әдебиетінде тек суреттеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем туындылар бары белгілі. Мәселен, М.Әуезовтің «Қыр суреттері» әңгімесі осының жарқын үлгісі бола алады. Осы сияқты тек әңгімелеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем шығармаларды атауға болады. Көркем туындылардың ішінде ертегі, мысал жанрындағы шығармаларда әңгімелеу мәтіндері басым болып жатады. Себебі кішкентай оқырмандарға арналған бұл шағын жанр шығармаларында оқиғаның, ойдың бірізділігі қатаң сақталады да, оқушыны өзіне оңай ілестіріп отырады.

Мысалы:

1) *Ертеде бір шал мен кемпір болыпты.* 2) *Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен.* 3) *Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен арқалап кетіпті.* 4) *Келе жатса бір өнерші байдікіне келеді.* 5) *Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты* (Б.Алтынсарин. «Тазша бала» ертегісінен).

Осындағы сөйлемдердің өзара тізбектік байланысы олардың әңгімелеу мәтіні құрылымына сәйкестігін танытып тұр (2-сур.):



2-сурет. Тізбектеле байланысқан әңгімелеу мәтіні

Мұндағы етістік сөздердің *-ын/-ін/-н* көсемшелі тұлғасы тек қана оқиғаның өткен шақта болғанын білдіріп қана тұрған жоқ, оқиғаның бірізділігін, бірінен кейін бірі болғанын білдіріп тұрған ертегі жанрына тән ерекше стильдік элемент. Бірінші сөйлемнің аяқталуы мен екінші сөйлемнің басталу сипатына да ерекше жанрлық-стильдік ерекшелік тән:

- *арқалап кетіпті* → *келе жатса* — лексикалық қайталау;
- *бір шал мен кемпір болыпты* → *олардың* — жіктеу есімдігі;
- *өнерші байдікіне келеді* → *бұл байға* — сілтеу есімдігі.

Мұндағы бір сөйлем мен екінші сөйлемді мағыналық және құрылымдық жағынан байланыстырушы тәсілдер жалпы әңгімелеу мәтінде ерекше белсенділікпен қолданылады. Осындай тәсілдердің арқасында әңгімелеу мәтіндері ауызша әңгімелеу стиліне жақын тартып тұрады. Осы сияқты ерекшелікті мына мысалдан да байқауға болады:

Сонан соң бұлар бір үлкен көп ағаш көріп, соған келіп кіріпті де, өзі аралап ағаштың ішіне жүре беріпті. Сөйтін жүріп бір ақ отау көріпті де, оған келіп кіріпті. Кіріп біраз отырған соң, екі пері қызы ұшып келіп, сол үйдің төбесіне қонып отырып, екеуі бір-біріне айтыпты (Ы.Алтынсарин. «Алтын-Айдар» ертегісінен).

Берілген мысалдардағы сөздердің сөйлем басында қайталанып, сабақтасып келуі оның фоникасына, архитектоникасына ерекше әсер етеді. Қазақ мәтінінің фоникалық (музыкалық, әуезділік) құрылымын (оркестровкасын) зерттеу қазақ ғылымында әлі бел алып кеткен жоқ. Поэтикалық өлең мәтіндерінің ғана дыбыстық әуезділік қасиеті кейбір ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылғанмен, оның қара сөзге қатысты зерттелуі өз шешімін әлі де тапқан жоқ деуге негіз бар. Ол туралы Р.Сыздық былай дейді: «Бұл жөнінде (өлең-мәтіннің фоникасы) ішінара З.Ахметовтың «Казахское стихосложение» және біздің «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» деген монографияларымызда сөз болады. Ішінара дейтін себебіміз мынада. Текстің әуезділігі, немесе дыбыстық эффект, тек қатар келген сөздердің басқы дыбыстары, я болмаса өлең жолдарының бірінші сөзі біркелкі дауысты дыбыстан басталып, ассонанс, біркелкі дауыссыз дыбыстан басталып, аллитерация құралуы арқылы ғана пайда болмайды» [8; 197]. Өлең-мәтінге қатысты бұл проблема қара сөз мәтіндерінің де өзекті мәселесі болып табылады және ол әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген ертегі шығармалардағы әңгімелеу мәтіндерінде автор бейнесінің III-жағы айрықша стильдік қызметте келеді. III-жақ әрдайым бақылаушы, соның арқасында тыңдаушы оқушы да сырт бақылаушы ролінде көрінеді. Шығарма бойынша шығатын ой қорытындысы мен тұжырымдар сол бақылаулардың нәтижесінде синтетикалық сипатта жасалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества: Сб. избр. тр. — М.: Сов. Россия, 1979. — С. 178.
- 2 Шмидт З.И. «Текст» и «история» как базовые категории // Новое в зарубежной лингвистике. — М.: Прогресс, 1978. — Вып. VII. — 480 с.
- 3 Қашқынбаева К.С. Ғылыми мәтіндердегі лингвистилистикалық ерекшеліктерді зерттеудің маңыздылығы туралы. — Алматы: Ғылым, 2006.
- 4 Щерба Л.В. Избранные труды по русскому языку. — М.: Наука, 1957. — 230 с.
- 5 Жирмунский В.М. О ритмической прозе // Русская литература. — 1966. — № 4. — С. 18–23.
- 6 Ларин Б.А. Эстетика слова и язык писателя. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1974. — 326 с.
- 7 Кацнельсон С.Д. Краткий очерк языкознания. — Л.: Изд-во ЛГУ, 1941. — 120 с.
- 8 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. — Алматы: Мектеп, 1973. — 212 б.
- 9 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. — Алматы: Санат, 1993. — 49 б.

Р.С.Мусина, М.А.Маретбаева

Художественный текст и формы повествования

В статье рассматриваются особенности создания общего текста, исследования и сфера применения текста. Авторы трактуют текст как самую главную единицу языкознания; проанализированы точки зрения ученых-лингвистов на проблемы текста. В статье отмечено, что текст — целостная структура, раскрывающая важность связи и языковую природу; излагаемые в тексте проблемы, явления, разные материалы указывают на результат отображения взаимной структурно-смысловой связи этих форм.

This article discusses the features of a general text, ways of organizing relations, problems of the text. Refers to the many-sided investigation and the scope of the text. The text is shown as the most important unit of linguistics. Many world scientists linguists pay particular attention to the problem of the text. The text reveals the importance of an integrated structure of communication and linguistic nature. Narrated in the text of the problem, the manifestation, different materials indicate the result of mutual display of structural and semantic connection between these forms.